

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Мамандығым - мақтанышым

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.01.2026СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/186386/**Рысбекова Назигуль Жакеновна***Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы**«Балдаурен» балабақшасы**Тәрбиеші*

## КІРІСПЕ

Әр адамның өмірінде өз мамандығының орны ерекше. Мамандық таңдау – болашаққа жасалған қадам. Мамандық – әр адамның өмір жолындағы маңызды шешімі. Таңдаған мамандық тек күнкөріс көзі емес, ол – адамның өмірлік бағыты, қоғамдағы орны мен болашағы. Кәсіби маман – ел дамуының кепілі.

Осы орайда тәрбиеші мамандығының жөні бөлек. Себебі бұл мамандық тек білім емес, бала жанын түсіне білуді, мейірім мен сабырды, шығармашылық пен жанашырлықты талап етеді. Мен – тәрбиешімін. Бұл – менің мақтанышым.

Тәрбиеші мамандығы – барлық мамандықтың бастауы десек, артық айтпаймыз. Себебі тәрбиеші – баланың алғашқы ұстазы, оның бойына білім мен тәрбие ғана емес, мейірім мен адамгершілік сынды ізгі қасиеттерді дарытатын тұлға.

Негізгі бөлім:

Тәрбиеші – баланың ой-өрісін, сөйлеу қабілетін, дүниетанымын, эстетикалық талғамын қалыптастыратын, өмірге деген көзқарасына ықпал ететін тұлға.

Тәрбиеші мамандығы – жүрек қалауымен, баланы сүйе білетін, оларға мейіріммен қарай алатын адамдардың таңдауы. Себебі бұл мамандық – үлкен төзімділікті, шыдамдылықты, жан-жақты білімді, креативті ойлауды қажет етеді.

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін тәрбиеші – екінші анасы секілді. Ол баланың жеке басының дамуына, өзін-өзі бағалауға, дұрыс қарым-қатынас орнатуға, тілдік қорын

байытуға, ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастырады. Сонымен қатар әр баланың қызығушылығына, бейімділігіне қарай тұлғалық дамуына жағдай жасайды.

Қазіргі таңда білім саласында жаңашылдықтарға бейімделу – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі. Жаңа технологияларды меңгеру, ЖИИ (жасанды интеллект), ойын арқылы оқыту әдістерін қолдану, ата-аналармен тығыз байланыс орнату – тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігінің дәлелі.

Мектепке дейінгі тәрбие – тұлғаның қалыптасуындағы маңызды кезең. Бұл кезеңде тәрбиешінің рөлі ерекше. Ол – баланың жан дүниесін түсінетін, қызығушылығын оята білетін, әр баланың қабілетін танып, дамуына жағдай жасайтын маман.

Тәрбиеші болу – тек мамандық емес, бұл – үлкен жауапкершілік пен сүйіспеншілікке негізделген еңбек. Тәрбиешінің әрбір іс-әрекеті, сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысы – балаға үлгі. Сондықтан тәрбиеші үнемі ізденісте жүретін, жаңашылдықты қабылдай алатын, өз мамандығына шынайы берілген жан болуы тиіс.

Қазіргі заманда тәрбиеші тек бала тәрбиелеуші ғана емес, ата-анамен серіктес, қоғаммен байланыста жұмыс істейтін тұлға ретінде дамып келеді. Мемлекет тарапынан да мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ерекше мән беріліп, балабақша мамандарына қолдау көрсетіліп отыр.

Қорытынды:

«Ұстаздық – ұлы қызмет» десек, тәрбиешілік – соның алғашқы сатысы. Менің мамандығым – тәрбиеші. Тәрбиеші – ертеңгі ел болашағының негізін қалаушы. Мен – осындай жауапты мамандықтың иесі болғанымға қуанамын. Себебі менің әр күнім балалармен басталып, олардың күлкісімен аяқталады. Баланың жүрегіне жол табу, олардың бойына ізгі қасиеттер сіңіру – ең үлкен жетістік.

Мен өз мамандығымды мақтан етемін!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Астана, 2020.
2. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік стандарты. — 2021 ж.
3. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. — Алматы: Рауан, 1993.
4. Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Сатыбалдиев Ә. Тәрбиешінің күнделігі. — Алматы: Мектеп, 2005.
6. «Мектепке дейінгі білім беру» әдістемелік журналы, №1-4, 2022-2023 жж.
7. Тлеуова С. Заманауи тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігі // «Бала мен балабақша», №3, 2023.

8. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
9. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми материалдары — [www.gov.kz](http://www.gov.kz)
10. Білім және ғылым министрлігі ұсынған тәрбие жұмысының үлгілік бағдарламасы — 2022.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.